

БЕКІТЕМІН

Астана қаласы әкімдігінің

«Әдістемелік орталығы»

МКҚК басшысы

С. Дауешова
« 6 » 02 2025 ж.



**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ «ZERTTE»
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖУРНАЛЫНДАҒЫ ЖАРИЯЛАНЫМ
АВТОРЛАРЫНА АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕЛЕР**

Әзірлеуші:

Астана қаласы әкімдігінің

«Әдістемелік орталығы»

МКҚК

Астана, 2025 ж.

**«Zertte» республикалық педагогикалық
ғылыми-зерттеу журналындағы жарияланым
авторларына арналған ережелер**

Мазмұны

1. Зерттеу мақаласын әзірлеуге және құрылымына қойылатын жалпы талаптар
 - 1.1 Мақалаға қойылатын талаптар мен жариялау шарттары
 - 1.2 Техникалық рәсімдеуге қойылатын талаптар
 - 1.3 Мақала құрылымы
 - 1.4 Мақала мәтінін жазу үлгісі
2. Мақала түрлері
3. Әдеп нормалары
4. Мақала жазу бойынша ұсыныстар
5. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Зерттеу мақаласын әзірлеуге және құрылымына қойылатын жалпы талаптар

«Zertte» республикалық педагогикалық ғылыми-зерттеу журналында жариялау үшін зерттеу мақаласын әзірлеуге қойылатын талаптар «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 36-2) тармақшасына, «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Ақпарат, кітапханалық және баспа істері жөніндегі стандарттар жүйесіне сәйкес жасалған ғылыми қызмет нәтижелерін жариялауға ұсынылатын басылымдар тізбесіне енгізу үшін ғылыми басылымдарға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленді.

1.1 Мақалаға қойылатын талаптар мен жариялау шарттары

Жариялауға қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі мақалалар қабылданады. Авторлар үшін жариялану тегін. Мақала келесі талаптарға сай болуы керек:

- тақырыптың өзектілігі;
- тақырыптың анықтығы мен дәлдігі;
- мақала мазмұнының журнал басылымының тақырыбына сәйкестігі;
- педагогикалық зерттеудің әдістері мен нәтижелерін сипаттау;
- мақала тек сипаттама түрінде емес, аналитикалық сипатта болуы тиіс;
- нақты практикалық мысалдарды сипаттау және оларды тақырыпты таңдаумен және мәселенің өзектілігімен салыстыру;
- зерттеу нәтижелеріне негізделген ұсыныстар;
- әдебиеттер тізімі;
- үш тілде андатпа және түйінді сөздер жазылады.

1.2 Техникалық рәсімдеуге қойылатын талаптар

Зерттеу мақаласының көлемі шектеулі (баспа мәтінінің көлемі 5-6 беттен аспауы керек, қағаз өлшемі – А4, портреттік бағдар, барлық жағынан 2,5 см, Times New Roman, түсі – қара, қаріп өлшемі – 14; 1,5 жоларалық интервал), сілтемелер болуы керек.

1.3 Мақала құрылымы

Тақырып. Автор(лар)дың ТАӘ құжаттың ортасында орналасуы керек.
Аннотация (250 сөзден аспайды). **Кілт сөздер** (3-7 сөз).

Кіріспе: тақырыппен таныстырады, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін тұжырымдайды, тақырыптың өзектілігін сипаттайды (150-200 сөз).

Әдебиеттерге шолу: Берілген тақырып бойынша бұдан бұрынғы зерттеулерді егжей-тегжейлі қарастыру (150-200 сөз).

Әдістеме: зерттеуде қолданылатын әдістердің сипаттамасы (400-750 сөз).

Нәтижелер: алынған мәліметтерді ұсыну және оларды талдау. Сурет-кескіндердің көлемі мақала көлемінің 1/4 бөлігінен аспауы керек (300-350 сөз).

Талқылау: нәтижелерді түсіндіру, бұдан бұрынғы зерттеулермен салыстыру, заңдылықтарды анықтау (350-400 сөз).

Қорытынды: қорытындылау, негізгі қорытындыларды анықтау және одан әрі зерттеу перспективалары (200-250 сөз).

Зерттеуді қаржыландыру туралы ақпарат (бар болса).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1.4 .Мақала мәтінін жазу үлгісі

МАҚАЛА ТАҚЫРЫБЫ

Арманов Арман Арманович

Астана қаласы әкімдігінің «№ 121 мектеп-гимназия» ШЖҚ КММ Астана қ.,
Қазақстан Республикасы физика пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші, педагогика
ғылымдарының магистрі

E-mail: armanov@mail.ru

Аңдатпа

Мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін
мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін

Түйінді сөздер: *текст текст*

Аннотация

Мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін
мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін

Ключевые слова: *текст текст*

Annotation

Text text text text text text text text text text text text text text text text
text text text text text text text text text text text text text text text text

Keywords: *text text text*

Кіріспе (150-200 сөз)

Мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін
мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін

Әдебиеттерге шолу (150-200 сөз)

Мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін
мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін

Әдістеме (400-750 сөз) Мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін
мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін
мәтін мәтін

[3].

Нәтижелер (300-350 сөз)

Мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін
мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін

Талқылау (350-400 сөз)

Мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін
мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін мәтін

Қорытынды (200-250 сөз)

Mətin mətin mətin mətin mətin mətin mətin mətin mətin mətin mətin mətin
mətin mətin mətin mətin mətin mətin mətin mətin mətin mətin mətin mətin mətin

Зерттеуді қаржыландыру туралы ақпарат (бар болса)

Mətin mətin mətin mətin mətin mətin mətin mətin mətin mətin mətin mətin
mətin mətin mətin mətin mətin mətin mətin mətin mətin mətin mətin mətin mətin

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі

1. Игибаева А. К., Толеуханова А. Д. Киберпедагогика – педагогика ғылымының инновациялық саласы ретінде //Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Педагогические науки». – 2020. – Т. 68. – №. 4. – С. 12-17.
2. Aitbaeva A., Shaigozova Z. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу немесе оқыту дизайны мәселелері //Вестник КазНУ. Серия педагогическая. – 2022. – Т. 71. – №. 2. – С. 4-12.
3. Иксатова Б. К., Колумбаева Ш. Ж., Еримова А. Ж. Болашақ бастауыш білімпедагогтерінде цифрлық дағды қалыптастырудың басымдықтары //Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Педагогические науки». – 2022. – Т. 73. – №. 1. – С. 86-96.
4. Сухова Г.М. Планирование в экономике / Г.М. Сухова, А.А. Григорян. – М. : Печатное слово, 2012. – 248 с.
5. Гранович Д.М. Занимательная теорема Пифагора // Математика в школе. – 2005. – № 3. – С. 15–17.

2. Мақала түрлері

1. Педагогикалық ғылыми-зерттеу мақаласы. Әдетте белгілі бір зерттеу тақырыбы бойынша білім берудегі зерттеу нәтижелерін, пікірталастарды, қорытындылар мен ұсыныстарды қамтиды. Мұндай мақалада педагогтер Action Research және/немесе Lesson Study бойынша жүргізілген педагогикалық зерттеулердің нәтижелерін ұсына алады. Зерттеулер аяқталған болуы шарт және мақаланың құрылымына сәйкес ұсынылуы керек, оған қойылатын талаптарды біздің сайттың «Мақалаға қойылатын талаптар» бөлімінен таба аласыз. *Көлемі: 1200-ден 2000 сөзге дейін.*

2. Рефлексиялық шолу. Педагог білім берудегі әртүрлі тақырыптар немесе оқиғалар туралы өз көзқарасы мен пікірін білдіретін мақала түрі. Білім берудегі соңғы зерттеулерге, әдебиеттерге шолу жасап, өз ойын дәлелді түрде ұсынады. Рефлексиялық шолу кемінде екі мақаланың салыстырмалы талдауы, мақалалардың мазмұнына қысқаша шолу, тұжырымдардың сыни талдауы және автордың педагогикалық тәжірибесі контекстінде тақырыптың өзектілігі қамтылуы тиіс. Бұл мақала мұғалімнің өзіндік практикалық зерттеуін қамтымайды. *Көлемі: кем дегенде 500 сөз.*

3. Пікірлер мен шолулар. Елдегі және әлемдегі соңғы білім беру зерттеулерінің, кітаптардың, статистиканың, басылымдардың және реформалардың нәтижелерін синтездеуді, талдауды және бағалауды қамтитын мақала түрі. Журнал баспасының интерпретациясында бұл белгілі бір

педагогикалық саладағы білімді жаңартуды сәйкестендіру және /немесе салыстырмалы талдау мақсатында теориялық мәліметтер базасын зерттеу деп есептеледі.

Мақаланың құрылымына кіріспе, ғылыми-педагогикалық мақалалардың қысқаша мазмұны (оқулықтар, кітаптар және т.б.), мақалаларда қарастырылған мәселенің жалпы және әртүрлі аспектілері, мәселені шешуде халықаралық тәжірибемен қатар, біздің еліміздің контекстіндегі өзектілігін салыстыру кіреді. Бұл құжаттамалық зерттеу (desk research) болып саналады. *Көлемі: кем дегенде 1000 сөз.*

Ғылыми-әдістемелік мақала. Білім беру саласындағы озық педагогикалық тәжірибелер мен әдістемелік тұжырымдармен алмасудың маңызды құралы болып табылатын мақала түрі. Теориялық аспектілер мен практикалық ұсыныстарды біріктіреді. Сабақта оқытудың тиімді әдістерін, тәсілдері мен технологияларын, цифрлық платформаларды қолдану арқылы жұмыс істеу әдістерін, оқытудағы жасанды интеллектті және басқа да тәсілдер мен технологияларды, оқыту құралдарын пайдаланудағы практикалық тәжірибені жеткізуге арналған.

Автор оқыту тәсілдерінің/техникасының/контекстінің қысқаша сипаттамасын ұсынуы керек. Бұл әдіс қайда және неге пайдаланылды: қолданылуы, оқушылар саны және тәсілдің таңдалу себептері. Жалпы мақалада әдісті (тәсілді, технологияны) қолдануға арналған қадамдық нұсқаулық ұсынылады. Оқырмандар оны өз контекстінде іс жүзінде жүзеге асыра алатындай қажетті материалдар мен шарттар толық қамтылуы керек. *Көлемі: 500-ден 2000 сөзге дейін.*

4. Өткізілген сабақты талдау-рефлексия немесе Lesson Study және Action Research аясындағы сабақтар сериясының немесе педагогтердің ұсыныстары мен қорытындылары бар кез-келген басқа тиімді құрылымдалған сабақтың рефлексиясы. Құрылымы педагогикалық мәселені және оның мектеп мәнмәтініндегі өзектілігін қамтуы керек. Мақаланың рефлексиялық сипаты ғылыми-зерттеу сипатынан ерекшеленеді, өйткені фокус мұғалімнің сабақтың әр кезеңінің мақсаты туралы ойлауына, сабақтың мақсатына жету үшін стратегиялар мен жаттығуларды таңдауға, оның тиімділігін бағалауға бағытталған. Әдебиеттер тізімі, әдістемелік әдебиеттер немесе педагогика бойынша кітаптарға сілтемелерді қамтуы тиіс. *Көлемі: 1200-ден 2000 сөзге дейін.*

5. Қосымша деректерді талдау. Мұндай мақалалар PISA, TIMSS, ҰБТ, ББЖМ (МОДО) сияқты зерттеулер мен сандық деректердің нәтижелерін қайта талдауды қамтиды. Мұндай мақалада тақырып бойынша әдеби шолу, сандық деректерді талдау әдістемесі және талдау нәтижелері кіреді. Мақаланың мақсаты оқырмандарға білім беру үдерісін жүзеге асыруда сандық деректер артында қандай мәселе тұрғанын және деректерді шешім қабылдауда, келешекте жасалатын шараларды жоспарлау үшін қалай пайдалануға болатынын хабарлау. *Көлемі: 1200-ден 2000 сөзге дейін.*

6. Эксперименттік-жобалық қызмет және оның нәтижелері (Project-based learning). Білім беру ұйымында оқыту үдерісінің тиімділігін арттыру үшін енгізілген жоба туралы мақала. Мақалада жобаның қажеттілігі туралы талдау,

әдеби шолу, іске асыру кезеңдері және оның нәтижелері ұсынылады. Оқырмандар өз ұйымдарында қайталай алуы үшін жобаның кезең-кезеңімен ұйымдастырудың қадамдық нұсқаулары егжей-тегжейлі сипатталған болуы шарт. *Көлемі: 1200-ден 2000 сөзге дейін.*

7. Педагогпен бірлесіп жүргізілген білім алушылардың зерттеу жобалары / эксперименттері. Мақалада белгілі бір пән шеңберінде білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметін дамыту мақсатында педагогпен бірлесіп жоспарланған жоба сипаттамасы ұсынылады. Мақаланың құрылымына эксперименттің\жобаның өзектілігі мен негіздемесі ұсынылатын кіріспе, тақырып бойынша әдебиеттерге шолу, эксперименттің\жобаның практикалық бөлігі, эксперимент\жоба процесінде анықталған жаңалығы кіреді. Мақаланың қосымшаларында эксперимент нәтижелерінің графикалық суреттері де ұсынылуы мүмкін. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі міндетті болып табылады. *Көлемі: 1200-ден 2000 сөзге дейін.*

8. Магистрлік немесе докторлық жұмыс (диссертация) шеңберіндегі зерттеу. Мақалада ғылыми жұмыс шеңберінде жүргізілген зерттеудің бастапқы немесе аяқталған нәтижелері кіреді. Мақалада ғылыми зерттеу жұмысының барлық (кіріспеден қорытындыға дейін) бөлімдері ұсынылуы керек және әдебиеттер тізімі қамтылуы керек. *Көлемі: кемінде 5 бет.*

9. Сұхбат. Сұхбатқа негізделген ғылыми-зерттеу мақаласы ақпаратты мұқият ұйымдастыруды және құрылымдауды қажет етеді.

Кіріспе (зерттеу мәнмәтіні, мақсаттары мен өзектілігі, әдістемесі).

Әдеби шолу (зерттеу тақырыбына қатысты мақалаларға шолу).

Әдістеме (тандалған әдістің негіздемесін қоса алғандағы әдістеменің сипаттамасы).

Сұхбат алушыларды таңдау критерийлері және сұхбат жүргізу хаттамасы. Қатысушылардың үлгісі.

Сұхбат жүргізу (сұхбат жүргізу тәжірибесін, соның ішінде кез келген қиындықтарды және оларды қалай жеңуге болатынын сипаттау).

Сұхбат жүргізілген мәнмәтін, деректерді жинау құралдары.

Деректерді талдау, деректерді талдау әдісі. Талдау процесінің сипаттамасы.

Қойылған мақсаттарға сәйкес зерттеу нәтижелері (сұхбат мысалдары).

Талқылау (нәтижелеріңізді әдеби шолу және зерттеу мақсаттары мәнмәтінінде талдаңыз).

Зерттеудің шектеулерін талқылаңыз және болашақ зерттеулерге бағыттар ұсыныңыз.

Қорытынды. *Көлемі: 1200-ден 2000 сөзге дейін.*

3. Әдеп нормалары

3.1 Зерттеуге және жариялануына дайындық

Ғылыми-зерттеу мақаласын әзірлеу кезінде автор Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК бекіткен Әдеп кодексіне <https://astana-modern.edu.kz/ru/zhurnal-zertte/> сәйкес зерттеу жүргізу кезінде негізгі әдеп нормаларымен танысуға және сақтауға міндеттеледі.



3.2 Түпнұсқалық және плагиат

Мақалалар плагиатқа тексеруден өтеді (мәтіннің түпнұсқалығы кемінде 60%). Авторлар тек түпнұсқалық жұмысты ұсынуы керек, егер авторлар басқа авторлардың жұмысын және/немесе сөздерін пайдаланған болса, оған тиісті түрде сілтеме жасалуы керек. Плагиат басқа біреудің мақаласын автордың жеке мақаласы ретінде жарияланудан бастап, басқа біреудің мақаласының маңызды бөліктерін көшіріп алуға немесе басқа сөздерге аударуға дейін әртүрлі пішімде болады. Плагиаттың барлық нысандары әдеп нормаларына қайшы келеді және Орталықтың Әдеп кодексін бұзады.

3.3 Бірнеше, қайталанатын немесе параллельді басылым

Автор бір зерттеуді сипаттайтын қолжазбаларды бірнеше журналда жарияламауы керек. Бір қолжазбаны бір уақытта бірнеше журналға жіберу әдеп нормаларына қарама-қайшы әрекет болып табылады және оған жол берілмейді. Жалпы ереже бойынша, автор бұрын жарияланған мақаласын басқа журналға сын-пікір алуға жібермеуі керек.

3.4 Дереккөздерді растау

Авторлар әзірленген мақаланың сипатын анықтауда маңызды рөл атқарған жарияланымдарға сілтеме жасауы керек. Жекелей алынған ақпаратты (үшінші тұлғалармен сөйлесу, хат алмасу немесе талқылау арқылы) дереккөздің жазбаша рұқсатынсыз пайдалануға немесе беруге болмайды. Қолжазбаға сын-пікір жазу сияқты құпия қызметтер арқылы алынған ақпаратты сол қызметтермен байланысты жұмыс авторының жазбаша рұқсатынсыз пайдалануға болмайды.

3.5 Мақаланың авторлық құқығы

Мақаланың авторлық құқығы берілген зерттеудің тұжырымдамасына, дизайнына, орындалуына немесе түсіндірілуіне елеулі үлес қосқан адамдармен шектелуі керек. Үлесін қосқандардың барлығы авторлардың бірі ретінде көрсетілуі керек. Құжаттың соңғы нұсқасын барлық бірлескен авторлар қарап, келісіп, мақұлдауы керек, содан кейін жариялауға ұсыну керек.

3.6 Жарияланған жұмыстардағы негізгі қателер

Егер автор жарияланған жұмысында қате немесе сәйкессіздік анықтаса, автор журналдың редакциясына дереу хабарлауға, мақаланы алып тастауға немесе түзетуге міндетті.

4. Мақала жазу бойынша ұсыныстар

Қысқа және айқын: қажетсіз ақпараттан аулақ болыңыз, өз ойыңызды айқын және қысқа жеткізуге тырысыңыз. Мәтіннің анықтығы мен түсініктілігі сіздің жұмысыңызды түсіну және бағалау үшін маңызды.

Академиялық стиль: Ресми ғылыми стильді қолданыңыз, ауызекі тілді қолданбаңыз. Логикалық байланыстар мен аргументтерге сүйеніңіз.

Пішімдеу және дәйексөз: ғылыми жарияланымдарда қабылданған пішімдеу ережелері мен дәйексөз стандарттарын орындаңыз. Дәйексөз келтірген кезде дәйексөзге дереккөз сілтемесі қоса берілуі керек.

Мәтіндегі сілтемелерді дұрыс орналастыру маңызды. Олар тікелей мәтінде орналастырылған, бірақ жазбаға енгізілуі мүмкін; олар зерттеудің соңында орналасқан дереккөздер тізіміне көрсеткіш ретінде қызмет етеді.



Сілтемелерді рәсімдеу келесі ережелерге сәйкес жүзеге асырылады:

- нақты беттерді атамай-ақ, дереккөз толық көрсетілсе, мәтінде жақшаның ішіне автордың аты-жөнін, оның жанынан жұмыстың жарияланған жылын қойып көрсету жеткілікті: (Нұрпейісов, 2023). Екі немесе одан да көп дереккөздерді атап өту қажет болса, нүктелі үтір қойылады: (Нұрпейісов, 2023; Тұрсынбеков, 2011);
- мақаланың хронологиялық реттілігін нақтылау үшін төртбұрышты жақшаға жұмыстың алғашқы жарияланған жылы жазылады: (Досмағамбетов, 2020 [2008]);
- жанама дәйексөз: мәтінде көрсетілген жұмыста кездесетін дәйексөзді беру қажеттілігі: (Досмағамбетов, 2020, 15 (дәйексөз келтірілген: Тұрсынбеков, 2011, 26);
- - осы мезетте дәйексөзі берілген жұмыс келесі түрде беріледі (қайталама сілтеме): Осы жерде. 45 б. Егер сілтеменің алдында тұрмаса, онда: Рахимов. 78 б.
- - егер мәтінде бір автордың бірнеше жұмысын көрсету қажет болса, бірақ нұсқаулар тізбегі бұзылса, жұмыстың толық атауын жазыңыз: Рахимов. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту. 58 б;
- сөзбе-сөз сілтемелер жұмыс бетіне ескертулерде берілген және автор аздаған материалдармен жұмыс істеген жағдайда орынды. Мақала алғаш рет айтылғанда, оның библиографиялық сипаттамасында кейін осы басылымға сілтеме жасалатыны жазылады.

Назар аударыңыз! Мақалалар екі деңгейлі жасырын рецензиялаудан өткізіледі. Сын-пікір берушілерден теріс баға алған мақалалар жариялауға қабылданбайды. Бұл ретте, редакция авторларға кері байланыс бермеу құқығын өзіне қалдырады. Барлық жұмыстар плагиатқа тексеріледі, автор «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» ҚР Заңына сәйкес ұсынылған деректердің дұрыстығы үшін жауапты болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Білім туралы // Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы (01.01.2024 ж. өзгертулер мен толықтырулармен) <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013409>
2. Бұқаралық ақпарат құралдары туралы // Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі № 451-І Заңы (01.05.2024 ж. өзгертулер мен толықтырулармен) https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1013966
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы №20 бұйрығымен бекітілген Ғылыми қызмет нәтижелерін жариялауға ұсынылатын басылымдар тізбесіне енгізу үшін ғылыми жарияланымдарға қойылатын талаптар. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013409>
4. Ақпараттық, кітапханалық және баспалық қызмет стандарттарының жүйесіне арналған мемлекетаралық стандарт <https://nauka.kz/upload/files/04. GOST 7.5-98.pdf>
5. Білім берудегі зерттеудің әдеп кодексі // Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКК <https://astana-modern.edu.kz/>